

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі

20 __ жылғы «__» _____

№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента

«__» _____ 20 __ года

2024 жылы 27 наурызда жарияланды

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
Бірінші орынбасары
Р. В. Склярға

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ
Құрметті Роман Васильевич!

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев 2022 жылғы Қазақстан халқына жолдауында **Қазақстан жолдарының 95 пайызын 2025 жылға дейін жөндеу және тәртіпке келтіру туралы тапсырма берген.** Сонымен қатар, «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасында республикалық автожолдарды салуды және реконструкциялауды, облыстық және аудандық маңызы бар автожолдарды жөндеу көзделгенін білесіздер.

Халқымыздың: «Жол мұраты жету» деген аталы сөзінің қадірін Қарағанды облысы Нұра ауданы Құланөтпес ауылының тұрғындары тәнімен де, жанымен де толығымен сезінді. Ауылды аудан және облыс орталығымен байланыстыратын жалғыз жолдың мүлдем сын көтермейтін жағдайда деген тұрғындардың жан айқайын төрт шақырылым бойы Мәжіліс депутаттары қайта-қайта көтеріп халықты үміттендіріп келеді. Былтырғы жылы ауыл тұрғындары Президенттің атына да хат жазған. Кейінгі бес жылдың ішінде 3 облыс әкімі, 4 салалық министр ауысып үлгерді, ал халықты қажытқан жол еш өзгеріссіз, «Баяғы жартас бір жартас!» деген қалпында.

Аудандық маңызы бар, өткен ғасырдың 60-жылдары салынған ұзындығы 21 шақырымды құрайтын «Жараспай - Құланөтпес» автомобиль жолы негізінен топырақ үйіндісінен көтеріліп, оған ұсақ қиыршық тас төселген грейдер жол, 4-техникалық санатқа жатады және жергілікті атқарушы органдардың коммуналдық меншігінде.

Жергілікті бюджетке бір де тиын төлемейтін ауыр салмақты көлік құралдары онсыз да жөндеу көрмеген жалғыз жолды одан әрі қирата берді. **Бүгінде бұл жол – апаттық жағдайда.** Осының салдарынан ауыл тұрғындарының аудан және облыс орталықтарына қатынауы қиындап, оларға жету үшін көлік жүргізушілері осы грейдер жолдан түсіп, оны қатарлас дала

жолмен айналып өтуге мәжбүр. Бұл жағдай өз кезегінде онсыз да тозығы жеткен автокөліктердің істен шығуына және қосымша шығындарға әкеліп соғуда. Қатарлас дала жолмен жүру мүмкіндігі тек жаз айларында ғана. Көршілес Баршын аймағындағы 12 елді мекен тұрғындары да осы күретамыр жол арқылы қатынайды. Көлік ағынының тәуліктік қарқындылығы өте жоғары. Орта есеппен 100 жуық әр түрлі автокөлік өтеді.

Осы жолмен облыс орталығынан жолаушылар тасымалдайтын автобус та, **аудан мен облыс орталықтарына жеткізілетін науқас адамдар мен жүкті әйелдер де, оқушы балалар да** тасымалданады. Мұның үстіне стационарлық аурухана аудан орталығында болғандықтан, **сапалы және уақтылы медициналық көмек алу мәселесі** осы жолға тіреліп тұр. Сонымен қатар, сапалы жолдың болмауынан көптеген жүкті әйелдер өз үйлерінде **босануда**.

Айтып кеткендей, аталмыш ауыл аудан орталығынан 78 шақырым жерде орналасқандықтан өрт болған жағдай да **ауылдағы үй немесе қора-қопсы түк қалмай өртеніп кеткен соң жетеді**. Ал бірнеше жыл бұрын өрт сөндірушілердің дер кезінде жете алмауынан, **ауылдық орталық кеңсе талай құжаттармен қоса өртеніп кеткен болатын**.

Құрметті Роман Васильевич!

Құланөтпес және Жараспай ауылдары арасындағы 21 шақырым жолға республикалық бюджет арқылы күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу аса қажет.

Сонымен қоса, **Құланөтпес пен Соналы ауылдары арасындағы 30 шақырымдық жолға аудандық жол мәртебесін беруді** қарастыру керек. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, ұсыныстардың іске асуын ұйымдастыруды, құзыретті орындарға жедел тапсырма беруіңізді сұраймыз.

Осы депутаттық сауалға заңнамада белгіленген мерзім ішінде жазбаша жауап күтеміз.

**Қазақстан Республикасы
Парламент Мәжілісінің
депутаттары,
«AMANAT» Партиясы
фракциясының мүшелері**

**Ү. Шапақ
М.З. Ескендіров
А. Халықов
Қ. Бексултанов
Б. Смағұлов
Т. Адамбеков**

**«Ауыл» халықтық-
демократиялық
патриоттық партиясының
фракциясының мүшесі**

Қ. Әбден